

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 819 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 6 тамыз N 967. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.12.31. N 1748 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Импортқа шығарылатын акцизделетін тауарларға арналған акциздердің ставкалары және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалар алып өтетін акциз салуға жатпайтын тауарлардың нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 819 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 262-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. 2 және 3 тармақтар осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін";

"Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған акциздердің ставкалары" деген 1-қосымшадағы ескертпе мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Акциз ставкалары 1996 жылдың 15 шілдесіне дейін жасалған және толық ақы төленген контрактілер бойынша әкелінетін аталған тауарларға қатысты қолданылмайды".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі